

ПІТІР САДАҚАСЫНЫҢ ҮКІМІ

Пайғамбар мешіті жанындағы әл-Харам институтының бұрынғы профессоры,
Хайсам ибн Мухаммад Сарханның «Фатх әл-муғин фи тақриб минхаж әс-саликин»
кітабынан үзінді

Мына адамдар үшін міндетті:		Мыналар үшін де берілуі абзал:
Мұсылман күйінде рамазан айының соңғы күні күннің батқанын көрген әр ересекке және балаға, ер мен әйелге және еркін мен құлға міндетті.	(Ол) адамның өзі мен отбасының азық-түлігінен және барлық негізгі қажеттіліктерден артық қалған азық-түліктен 1 сағ көлемінде беріледі.	Ана құрсағындағы бала үшін.
Пітір садақасының бекітілімінің даналығы		
Ораза ұстаған адамның бос сөздер мен өсектерден тазалануы	Мұқтаждар мен кедейлерді мерекеде сұрау қажеттілігінен азат ету	
Пітір зекетін төлеу уақыты		
<u>Рұқсат етілген уақыт:</u> мерекеден бір немесе екі күн бұрын.	<u>Абзал уақыт:</u> Айт күнінің таңы атқан соң мерекелік намаз оқылудан бұрын.	<u>Тыйым салынған уақыт:</u> мерекелік намаздан кейін.
Пітір садақасы ретінде не нәрселер қабыл алынады:		
Адамдардың қолданысындағы азық-түлік түрлерінен 1 сағ тағам. Жақсы бидайдың 1 сағы 2 килограмм 40 граммға тең. Әрі басқа азық-түлік түрлері де осылайша есептеледі.		Ақшамен берілмейді (есептелмейді).
Ең көп таралған тағамдардың салмағына қарай пітір ретінде берілетін зекет мөлшері:		
Ұн – 1400 г.	Ақ ұн – 2000г.	Күріш – 2300г.
Бидай дәні – 2040г.	Жасымық – 2100г.	Асбұршақ – 2000г.
Үрмебұршақ – 2060г.	Құрма – 1800г.	Миіз – 1640г.
Зекеттің алушылары мен көлеміне қарай түрлері:		
1. Берілетін азық-түлік белгілі болған, бірақ оны алушы және беруші адамдар нұсқалмаған зекет. Мысалы: пітір зекеті.	2. Зекетті алушы адамдар мен берілетін өнім белгілі болған зекет, мысалы, тигізілген зиянды өтеу: «Алты кедейді, олардың әрбіріне жарты сағ азық-түлік беріп тамақтандыр».	3. Зекетті алушы адам белгілі, алайда берілетін өнім белгілі болмаған зекет. Мысалы, антты бұзудың өтемі ретінде берілетін зекет.